

2020 жылғы 16 наурыз күні
№3 шешімімен
«Микро-Займ» МҚҰ» ЖШС
құрылтайшысымен
БЕКІТІЛГЕН

«Микро-Займ» микроқаржылық ұйым» ЖШС МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шымкент, 2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы Микрокредиттерді беру ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына (әрі қарай – МҚҰ туралы заң), Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, сонымен бірге «Микро-Займ» микроқаржылық ұйым» ЖШС ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережелер жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттерді беру тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаларын анықтайды.

3. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпия бола алмайды. МҚҰ клиенттің бірінші талабы бойынша танысу үшін оған осы Ережелерді ұсынуға міндетті. Бекітілген Ережелердің көшірмесі МҚҰ клиенттері көру және танысу үшін қол жетімді жерге орналастырылады.

2. Микрокредиттерді беру шарттары

4. Қарызгерлерді іріктеу келесі негізгі талаптардың негізінде іске асырылады:

1) Мақсатты топ: жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалар, қатысушалыр, Қазақстан Республикасының азаматтары бенефициар меншік иелері.

2) Микрокредит мақсаты:

- жеке тұлғалар – тұтынушылық, қайта қаржыландыру;
- заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер – айналым қаржыларын, инвестицияларды, қайта қаржыландыруды толықтыру;

3) Қарызгердің жасы – 60 жастан аспауы тиіс, 60 жастан жоғары – Өкілетті органның шешімі бойынша.

3. Микрокредитті беруге өтінім беру тәртібі және оны қарау тәртібі

5. МҚҰ қызметкерлері алдын ала консультация барысында Клиентті микрокредитті беру тәртібі және шарттарымен таныстырады.

6. МҚҰ қызметкерлері консультация барысында Клиентке танысуға келесіні ұсынады:

1) Микрокредит бойынша тұрақты төлем жасауды есептеу әдістемелеріне сәйкес түрлі әдістермен және сыйақыны есептеу үшін уақытша базалармен есептелген микрокредит және микрокредитті өтеуге тиімді әдісті Клиентпен таңдау мақсатында таңдалған кезеңділігі бойынша қарызды өтеу кестесінің жобалары;

2) микрокредитті беру туралы шешімді қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізімі;

3) микрокредитті беру рәсімі туралы ақпарат.

7. Клиентпен/Қарызгермен/Кепіл берушімен құжаттардың толық пакетін ұсыну барысында МҚҰ қызметкерлері құжаттардың заңды және қаржылық тексерілуін іске асырады.

8. Алынған қорытындылары негізінде Өкілетті орган шешім қабылдайды.

9. МҚҰ қызметкерлері Клиенттің назарына Өкілетті органның микрокредитті беру немесе беруден бас тарту туралы шешімін жеткізеді.

4. Микрокредитті беру туралы шарт жасасу тәртібі

10. Микрокредиттің ұсынылған шарттарымен келіскен жағдайда Клиент келесі құжаттарды (бұл жерде МҚҰ қосымша құжаттар сұратуға құқылы) береді:

- Кепілді қамтамасыз етуді соттан тыс іске асыруға Жұбайының нотариалды расталған келісімі;

- тіркейтін органда кепілді қамтамасыз етуді тіркеу үшін МҚҰ қызметкерлеріне Қарызгердің нотариалды расталған сенімхаты;

- жылжымайтын мүлікке тіркелген ауыртпалықтың жоқ екені туралы анықтама.

11. МҚҰ қызметкерлері Қарызгерде Жылжымайтын мүліктің кепіл шарты/ Жылжитын мүліктің кепіл шартын әзірлейді және қол қояды (әрі қарай – Кепіл шарты) және Өкілетті тіркейтін органда әрі қарай тіркеу үшін Тіркеушіге береді.

12. Өкілетті тіркейтін органға Кепіл шартын табыстауды растайтын құжаттың негізінде және (немесе) тіркелген Кепіл шартының негізінде МҚҰ қызметкері Клиенттің Микрокредитті беру шартына (әрі қарай - МБШ) және төлем жасау кестесіне қол қояды, сосын кассир Клиенттің қалауы бойынша ақшалай қаражатты қолма-қол береді немесе Клиенттің шотына аударады немесе Клиенттің өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге төлем жасау мақсатында микрокредитті екінші деңгейлі банктер арқылы үшінші тұлғаға аударады.

5. Микрокредитті берудің шекті сомалары және мерзімдері

13. МҚҰ микрокредитті жеке және заңды тұлғаларға келесі көлемде береді:

- микрокредиттің минималды сомасы – 30 000 теңге;

- микрокредиттің максималды сомасы – бір қарызгерге Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен тиісті

қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселік мөлшерінен аспайды;

14. Микрокредиттердің шекті мерзімі микрокредиттеу өніміне сәйкес жеке белгіленеді, бұл жерде:

- минималды мерзімі - 10 күн;
- максималды мерзімі – 24 ай.

15. Жеке тұлғаға микрокредитті 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзіммен Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселік мөлшерден аспайтын мөлшерде берген жағдайда, осы Заңның МҚҰ туралы 5 бабы 1 тармағымен белгіленген талап шарттың келесі жағдайларға сәйкес болғанда қолданылмайды:

1) микрокредитті беру туралы шарт бойынша сыйақы өкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген шекті мәннен аспайды;

2) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредитті беру туралы шарт бойынша сыйақыны төлеу бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әр күнге орындалмаған міндеттенің сомасынан 0,5 пайыздан аса алмайды;

3) қарызгердің микрокредитті беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, микрокредитті беру туралы шарт бойынша қарастырылған сыйақы сомасын және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қосқанда, микрокредит мәнін қоспағанда, жиынтығында микрокредитті беру туралы шарттың әрекет етуінің бүкіл кезеңінде берілген микрокредиттің сомасынан асып кете алмайды;

4) шартта микрокредит сомасын арттыруға тыйым салынған;

5) тараптардың келісім бойынша микрокредитті беру туралы шарттың әрекет ету мерзімін әрекет ету немесе жақсарту шарттарымен арттыру мүмкін.

6. Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

16. ДПМ жасасу күніне микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің көлемі (әрі қарай - СЖТМ) осы Ережелердің 15 тармағында көрсетілген микрокредиттерді қоспағанда өкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген шекті мөлшерден аспауы тиіс.

17. Сыйақы мөлшерлемесі әр өнімнің жағдайларына сәйкес белгіленеді.

18. Жеке тұлғаларға 45 күнге дейінгі мерзімде есептік көрсеткіштің елу еселік мөлшерден аспайтын мөлшерде берілген микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мәні өкілетті органның белгіленген нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес берілген кредит сомасынан 30 % құрайды.

7. Сыйақыларды төлеу тәртібі және микрокредиттерді өтеу әдістері

19. Сыйақыларды беру тәртібі МБШ анықталады, оған сәйкес Қарызгер белгіленген мөлшерде және кезенділігімен төлейді.

20. МБШ өтеудің келесі әдістерін қамти алады:

- микрокредиттер бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз және негізгі қарыздың қалдығына кезеңге есептелген төлемдердің тең сомасын қамтитын кемитін төлемдермен іске асырылатын дифференциалды төлемдер әдісімен;

- микрокредиттер бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша артатын төлемдерді және негізгі қарыздың қалдығына кезеңге есептелген сыйақы бойынша кемитін төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі бойы тең төлемдермен іске асырылатын аннуитетті төлемдер әдісімен.

МҚҰ микрокредиттерді беру ережелеріне сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестесінің қосымша жобаларын ұсына алады.

21. МҚҰ микрокредит бойынша сыйақының есебін жылдың 360 (үш жүз алпыс) күніне және айына 30 (отыз) күнге тең уақытша базасын пайдаланады.

22. Сыйақыны есептеу пайыздарды есептеу қарапайым әдісімен, яғни пайыздарды есептеу тек микрокредит бойынша берешек қалдығына жүргізіледі.

23. Микрокредитті мерзімімен бұрын өтеу баысында сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланатын күндердің нақты санына жүргізіледі.

24. Сыйақыны есептеу мақсаттағы үшін микрокредитті беру күні және микрокредитті қайтару бойынша міндеттемені толық орындау күні бір күн бұрын қабылданады.

8. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу тәртібі

25. СЖТМ – микрокредит бойынша салыстырмалы есептелетін сенімді, жылдық, тиімді, сыйақы мөлшерлемесі болып табылады, қарызгермен сыйақы және МБШ шарттарын сақтамауына байланысты туындаған өсімпұлы мен айыппұлынан басқа барлық төлемдерін қамтиды.

26. Есептеу жүргізіледі:

1) МБШ жасасу күніне;

2) Қарызгердің ауызша және жазбаша талабы бойынша;

3) Қарызгердің ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне алып келетін МБШ өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда.

27. СЖТМ берілетін микрокредиттер бойынша келесі формуламен есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

Онда:

n – қарызгерге төленген соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j – қарызгерге төленген төлемнің реттік нөмірі;

S_j – қарызгерге төленген j -ші төлемнің сомасы;

APR – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

t_j – қарызгерге микрокредитті берген күннен бастап j -ші төлемге дейінгі уақыт кезеңі;

m – қарызгердің төлеген соңғы төлемнің реттік нөмірі;

i – қарызгердің төлеген төлемнің реттік нөмірі;

P_i – қарызгердің төлеген i -ші төлемінің сомасы;

t_i – қарызгердің микрокредитті берген күнінен бастап i -ші төлемге дейінгі уақыт кезеңі;

28. Қарызгердің ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) олардың төлемінің өзгеруіне алып келетін МБШ шарттары өзгерген жағдайда СЖТМ нақтыланған мәнін есептеу МБШ әрекет ету мерзімі басынан Қарызгермен жүргізілген микрокредит бойынша төлемдерді ескермей, шарттар өзгертін күнге микрокредитті өтеу мерзіміне берешектің қалдығына сүйене отырып жүргізіледі.

9. Қабылданатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

29. МҚҰ Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етумен немесе қамтамасыз етуіз микрокредиттерді беруге құқылы.

30. МҚҰ микрокредиттер бойынша кепілді қамтамасыз ету ретінде бола алады:

1) жер учаскелері, тұрғын үй қорының жылжымайтын мүлік нысандары, тұрғын үй емес жылжымайтын мүлік (өндірістік, қайма, сауда, әкімшілік үй-жайлар), жабдықтар, көлік құралдары;

2) кепіл/кепілгерлік;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепілге алынатын өзге мүлік.

31. Микрокредитті қамтамасыз етуші ретінде шығатын кепіл мүлік келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) Қарызгердің мүлікке және мүліктік құқықтарына құқығын растайтын түпнұсқа құжаттардың болуы;

2) Ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау бойынша құжаттың болуы;

3) Мүлік және мүліктік құқықтардың өтімділігі болуы тиіс;

4) Мүлік және мүліктік құқықтар құқықтардан және үшінші тұлғалардың заңды талаптарынан бос болуы тиіс;

5) Қарызгердің кепіл мәніне қатысты бюджетке міндетті төлемдері бойынша берешегінің болмауы;

6) Мүлікті сақтандыру МҚҰ талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз берушімен/ Қарызгермен жүргізіледі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда кепілге берілетін мүлікке құқық аталған мүлікке берілетін құқықты мемлекеттік тіркеуді іске асыратын мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс.

8) Кепіл мүлікті сақталуын және күтіп ұстаудың (сақтау) қажетті жағдайларын қамтамасыз ету Қарызгермен іске асырылады.

32. Қарыз беруші ретінде Қарызгер немесе өз мүлігін Қарызгердің міндеттемелерін қамтамасыз етуге беруге тілек білдірген үшінші тұлға бола алады.

33. Қамтамасыз ету мәні түріне қарай кепіл мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркейтін органдармен іске асырылады.

10. Қорытынды ережелер

34. Осы Ережелер несие портфелінің, МҚҰ қызметінің қаржылық нәтижелері құрылымындағы өзгерістерге байланысты, сонымен бірге Қазақстан Республикасы қаржы нарығы жағдаятындағы және экономикалық жағдайындағы өзгерістерлі ескере отырып өзгере алады және толықтырыла алады.

35. Осы Ережелермен қарастырылмаған басқалары Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.